

Ортақ мүдде үшін бірлесіп жұмыс жасайық

Қазақ халқында аға буын өкілдеріне деген лайықты құрмет, ұлғайған жастағы ата-әжелерімізге мейірім, ізгілік пен сыйластық көрсету ерекше мәні бар тәрбиенің бір бағыты. «Қарты бар елдің қазынасы бар», «Жас жүрген жер – мереке, қарт жүрген жер – береке», «Қартың болса, жазып қойған хатпен тең» деген халықтың сөздерінде

ұйғарымға келетін, ресми орындарға ұсыныс беретін көпшілікті басқарудың биресми қоғамдық түрі екенін білеміз. Ақсақалдар кеңесінің тарихы көне дәуірден басталғанын да біле жүрген жөн. Қазақ елінде тарихи рөл атқарған «Хан кеңесі», «Билер кеңесі» де өз бастауын осы ақсақалдар кеңесінен алады, бірақ айырмашылығы елеулі.

жатқан басымды бағыттарға қысқаша тоқталып, барлық мәселелерді талқылауда, жобаларды әзірлеуде, жұмыстардың жүргізілу барысында үлкендердің кеңесі, даналығы, ақылы ауадай қажет екенін атап өтті. Көпті көріп, көпті білетін еңбек ардагерлерінің аудандағы жүзеге асырылып жатқан жобаларға қосатын ойы болса, аудандық әкімдіктің есігі әрдайым ашық екенін баса айтты. Құрылған Ақсақалдар кеңесіне Ардақ Дулатұлы жемісті жұмыс тілеп, ортақ жетістіктерге бірге жетейік деген тілегін жеткізді.

Ақсақалдар кеңесінің кеңейтілген отырысы барысында аудандағы өзекті мәселелер талқыға түсті. Олардың бірі – соңғы кездегі қанатын кеңінен жайып тұрған алаяқтық фактілері немесе онлайн-несие алып, халықты алаяқтықтың қармағына ілу. Бұл мәселе тек ауданда емес, барша мемлекеттің проблемасы болып тұрғаны сөзсіз. Бұл жайында ауданның абыз ақсақалы Сайлаубай Рақымжанов сөз қозғап, тиісті мекеме басшыларын осы мәселенің алдын-алу бойынша іс-шараларды белсендіру керектігі туралы айтты. Иә, бұл мәселе, шын мәнінде елдің мазасын алып, құтын қашырып отырған қауіптің бірі. Алаяқтардың түрлі әдістермен халықты алдап, миллиондаған қарызға батырып жатқаны жақсы нәрсе емес, сондықтан, мемлекет тарапынан тиісті шаралар жасалуы керек. Мәселен, былтыр аудан аумағында жиырмадан асқан алаяқтық фактілер тіркелген екен.

Ардагерлер және ақсақалдар кеңесінің мүшесі, мемлекеттік қызмет ардагері Амангелді Камельинов былтырғы егін алу науқанының қиын жағдайда өткенін еске салып, мал азығы жеткілікті ме және былтыр жылғы егін науқанына тұқымдық материалдың сапасы қандай деген сұрақтарды ортаға салды. Бұл жайында толық ақпаратты аудан әкімінің орынбасары Ораз Смағұлов ұсынып, ауданның ауыл шаруашылық кәсіпорындары мал азығын тиісті деңгейде дайындағаны жөнінде айтты. Сонымен қатар, тұқымдық материалдың 70 пайызы қазіргі таңда зерттеліп, дайын тұр, ал кейбір ірі агрокемелерде сатып аламын деушілерге тұқым қоры жинақталған.

Ауданымыздағы Алтайбек ата мешітінің бас имамы Дәрігерхан Тұрдыақынұлы көптің көкейінде жүрген тағы да бір мәселені отырыс қатысушыларының назарына салды. Қазіргі таңда бақилық болған туыстардың рухына бағышталып жасалатын ас беру шаралары көбейді. Бұл, әлбетте, жақсы құбылыс. Бірақ, олардың барлығы аудан орталығындағы дәмхана, мейрамхана-аудан өткізіледі. Кей кездері ас беріп жатқан кезде, тойға дайындық болып жатады немесе түнде өткен тойдан кейін таңертең құран оқылады. Осындай рухани іс-шараларды өткізетін аудан орталығында арнайы орын

болса керемет болар еді. Егер де халық қолдаса, аудандық мешіттің жанында жер телімі де бар, сол жерге арнайы асхана, тағы да қажетті бөлмелер салынса, дұға, құран бағыштау, жаназа, қонақасы асын беруге мүмкіндік туар еді. Арнайы орын мешіттің аумағында болса барлық шариги талаптарға сай болары сөзсіз. Ортаға салынған ұсыныс, әрине, өте маңызды, сондықтан бұл мәселені талқылаған жерде қалдырмай, әрі қарай қолға алып, жүзеге асыру керек, ал ол үшін жанашыр жандардың белсенділігі мен ниеті қажет.

Ақсақалдар аудан орталығының тазалығы, абаттандыру, қоқыс жинау, автобус қозғалысы, көшелердегі қауіпті қиылыстарда бағдаршамдар орнату сияқты көкейтесті сұрақтарды аудан басшылығының назарына жеткізді.

Кеңес жұмысын қорыта келген аудан басшысы ақсақалдарға белсенділіктері мен аудан өміріне етене араласудағы азаматтық ұстанымдары үшін рақмет айтып, алдағы жұмыстарға сәттілік тіледі. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей бірлесе жасаған істің берекесі мол деген пікір көпшіліктің ойынан шығып, кездесуде айтылған тоқсан ауыз сөздің тобықтай бір түйінін білдірді.

А. АМАНЖОЛОВА.



маржандай асыл даналық тұнып тұр. Ал, үлкенін сыйлаған елдің болашағы айқын болатынына күмән жоқ.

Аудан басшысы Ардақ Смайылов ауданымызда былтыр құрылған Ақсақалдар кеңесінің мүшелерімен кездесіп, конструктивті, ашық форматтағы жылы жүздесу өз мәресіне жетті. Ауданымыздың жергілікті атқарушы билік басшысы мен құрметті ақсақалдарымен кездесуге аудан прокуроры Әмір Омаров, аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы Қанат Қамиев, аудан әкімінің орынбасарлары, мемлекеттік мекеме басшылары қатысты.

Кездесу басында аудандық Ақсақалдар кеңесінің төрағасы, мемлекеттік қызмет ардагері Шахман Құсайынов кеңестің қандай мақсатпен құрылғаны, кеңестің құрамына енген мүшелер жайында мәлімдеді. Жалпы, ресми ақпаратқа жүгінсек, Ақсақалдар кеңесі сан-алуан мәселелерді талқылап,

«Хан кеңесі» мен «Билер кеңесі» аса шұғыл, ел басына қатер туған шақтарда болмаса, басқа кезде келісім бойынша белгіленген мерзімде өткізіліп отырған. Ақсақалдар кеңесі ауыл-аймақтың тұрмыстық, шаруашылық қажеттеріне орай кез келген уақытта өткізіле берген. Осылайша, ауданымызда мәртебесі жоғары, халықты ақылға шақырып, бірлік пен ынтымаққа тәрбиелейтін кеңес құрылғаны нұр үстіне нұр. Ақсақалдар кеңесінің мүшелері – түрлі салаларда көп жылдар бойы жұмыс атқарған еңбек ардагерлері, ауданның әлеуметтік-экономикалық саласына сүбелі үлестерін қосқан абзал тұлғалар.

Іс-шара барысында сөз алған аудан басшысы Ардақ Дулатұлы аға буын өкілдеріне, Ақсақалдар кеңесінің мүшелеріне өзінің құрметі мен ілтипатын жеткізіп, ауданның дамуы үшін қосқан үлестері үшін алғысын білдірді. Аудан басшысы бүгінгі таңда ауданымызда атқарылып



В формате делового, конструктивного и открытого диалога

Открытость мыслей, готовность к обмену опытом и совместной работе – ключевые моменты расширенного заседания районного Совета аксакалов, в работе которого приняли участие аким района Ардак Смаилов, прокурор района Амир Омаров, начальник районного отдела полиции Канат Камиев, заместители акима района и руководители государственных учреждений.

Заседание началось с приветственных слов и выступления председателя районного Совета аксакалов, ветерана труда и государственной службы Шахмана Кусаинова, который рассказал о целях и задачах совета, представив каждого члена совета. Следует отметить, что согласно историческим данным, Совет аксакалов – древняя форма управления аульями и общинно-родовыми коллективами и их взаимоотношениями. В совет аксакалов входят старейшины рода или племени, которые обсуждают и решают бытовые, хозяйствен-

ные проблемы и споры, рассматривают вопросы воспитания. Нынешний совет также имеет ряд полномочий и задач, главные из которых – нести в массы позитивный опыт и ценностные ориентиры.

Со слов благодарности к совету аксакалов за труд, активную гражданскую активность, неравнодушное отношение к проблемам общества начал свое выступление глава района Ардак Смаилов, который в первую очередь отметил высокую значимость данного общественного движения. Как отметил Ардак Дулатович, в любой сфере и каждом реализуемом проекте нужно мудрое напутствие, добрый наказ и деловое предложение людей, которые обладают богатым профессиональным и жизненным опытом, им есть чем поделиться с молодым поколением, где-то поправить, где-то подсказать. Мудрость – всегда была и остается в цене, поэтому при принятии важных для района решений очень важно считаться с мнением почетных акса-

калов. Ардак Дулатович вкратце остановился на перспективных проектах, которые реализуются в районе, рассказал о том, что делается в приоритетных сферах. При этом выразил готовность всегда работать в тандеме с советом, принимать к сведению вопросы, имеющие социальную значимость и на решение которых может оказать влияние местная исполнительная власть.

Встреча продолжилась диалогом, в ходе которого были обсуждены актуальные для района вопросы и задачи. Ветеран труда Сайлаубай Рахимжанов высказался по поводу большой социальной проблемы, имеющей огромный резонанс в настоящее время – это тема интернет-мошенничества. Аксакал выразил беспокойство, что все больше людей становятся жертвами мошенников и озвучил просьбу по усилению профилактической работы компетентными органами среди населения. Эту проблему нужно остановить на государственном уровне, иначе сколько еще людей могут пострадать, – резю-

мировал свою мысль Сайлаубай ата.

О том, какие испытания пришлось пройти аграриям в прошлую уборочную страду, напомнил член совета аксакалов, ветеран труда и государственной службы Амангелды Камельинов. Как человек, которому небезразлична судьба районного аграрного сектора, обратился с вопросом о запасе семенного материала к предстоящему посеву и наличию запасов кормов в хозяйствах. Заместитель акима района Ораз Смағұлов, отвечая на данные вопросы, отметил, что обеспеченность семенным материалом на сегодняшний день составляет больше 70 процентов. Что касается вопроса кормов, здесь также имеются резервы.

Также на заседании совета аксакалов был поднят один из насущных вопросов в районе – открытие специализированного кафе или столовой для проведения духовных мусульманских мероприятий: поминальных и похоронных обедов, ауызашар, праздни-

чных религиозных обрядов и др. Желательно, чтобы это заведение размещалось возле районной мечети. Вообще, данный вопрос поднимается не первый раз, но для его решения необходимы ресурсы и сплоченность людей, которые могут оказать поддержку. Ведь такого рода заведение возможно построить лишь в рамках частного партнерства. Данный вопрос глава района считает очень важным и необходимым для людей, поэтому нужно сделать все возможное, чтобы предложение и идеи не оставались лишь на бумаге, а воплощались в жизнь.

Завершая встречу, Ардак Дулатович пожелал совету аксакалов плодотворной работы, позитивных идей и решения насущных вопросов. Сплоченность – главная составляющая любой команды, поэтому нужно смотреть в одном направлении и работать на благо района – эта мысль прошла красной нитью всех выступлений и подвела итог заседания.

А. АМАНЖОЛОВА.

Жас балуандарымыз топ жарды

Ауданымызда қазақ күресін серік еткен жастардың қатары күн санап көбейіп келеді. Саннан бұрын сапаға жұмыс істейтін жаттықтырушылар



балуандарымыз бос қайтпады. Ақболат Нұртілек 1-орын, Өмірсерік Дастан 1-орын, Егізбай Ақжарқын 1-орын, Шыңғыс Жеңісов 2-орын, Бахытжан Ерқанат 2-орын, Жарқынбек Бергенбекұлы 2-орын және Сабит Нығметоллаев 3-орынды қанжығалады.

Жерлестеріміздің жеңісі – аудан мерейі, абыройы екенін ұтыпайық. Қанат қомдап, болашаққа бет түзеген қазақ күресінің келешегі жарқын. **3. ЖАЙНАРБЕК.**



аянбай тер төгуде. Еңбектерінің жемісі деп білсек болады қаңтар айының өзінде жас балуандарымыз облыстық жарыстарда топ жарды. Қаңтар айының 10-12 аралығында Көкшетау қаласында 2007-2008 жылы дүниеге келген жастар арасында Ақмола облысының біріншілігі өтті. Тартысты өткен жарыс нәтижесі бойынша Әділбек Нұрбақыт 1-орын, Сабина Омарова 1-орын, Толғанай Дарханқызы 1-орын, Гүлнар Елдашева 1-орын, Егізбай Ақжарқын 3-орын және Марат Әсембай 3-орын иегері атанды.

Ал, 17-28 қаңтар аралығында Шортанды ауданында қазақ күресінен оқу-жаттығыу өтті. Жан-жақтан жиналған боз кілем шеберлері Талдықорған қаласында өтетін республикалық жарысқа дайындықтарын пысықтады. Бұл байрақты бәсекеге бұландылық жерлестеріміз Әділбек Нұрбақыт, Берікбол Мадияр, Әлижан Ербатыров, Шыңғыс Жеңісов, Сабина Омарова, Толғанай Дарханқызы қатысып бақтарын сынайтын болады.

25 қаңтар күні Көкшетау қаласында жасөспірімдер арасында облыстық ашық турнир өтті. Бұл жарыстан да



Тәрбие мектебі

Қазақ қоғамында елдің бірлігін ту етіп, амандығын тілейтін жүйелі сөздің жөні бөлек екені анық. Өйткені, бір ауыз сөзбен тоқтау айтып, араздасқанды татуластырып, жылағанды жұбата білген қазаққа сөз құдіреті таңсық емес. Найзасы көк тіреген батыр, ел басқарған дана, көмейі бүлкілдеген шешен де аталы сөздің алдында бас ие білген. Еліміз еңсесін көтергелі бері тіліміз тұғырына шығып, өткеніміз оралып, өшкеніміз қайта жандана бастады. Санамыздан сарқыла жаздаған салт-дәстүріміз, әдет-ғұрпымыз өзіндік аяңына басып, замана көшіне ілесті. Алайда, болашаққа бет түзеген сол керуен көштің ақсап тұрған тұстары да жетерлік. Осы орайда сөз құдіреті демекші бата берудің бүгінгі беталысына тоқтала кетекпін. Қазір не қалың той қалың?! Көпшілігі ақ бата мен басталып, батамен түйінделіп жатады. Әрине, қуанасың. Ал, бірақ сол батаның астарына үңіліп, мағынасынан мән түйіп, баға беріп көрдік па?!

Ауданымызда Амангелді деген ақсақал атамыз тұрады. Ұзақ жыл аудандық мешітке иман болды, жалпы бір ауыз сөзбен айтқанда елге сыйлы, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін түйіп, жүйелі сөйлей білетін ақсақал. Бір бірне ұқсамайтын Амангелді атаның батасы әлі күнге дейін есімде. Кейін, Сайлаубай атамыз аудан атынан облыстық батагөйлер жарысына қатысып топ жарған да бір қуанып қалдық.

Алдымен «бата» сөзінің төңірегіне кеңірек көз жүгіртіп көрсек. Ауыз әдебиеті, соның ішінде қазақ поэзиясының ерекше түріне баланың батаның тамыры тым тереңде жатыр. Өкініше орай ол жағы әлі күнге толық зерттеліп, қомақты еңбектер жазыла қойған жоқ. Тек кейбір тіл мамандары «Бата – арабдың «фатехе» деген сөзінің қазақша айтылу түрі»,- дегенге тоқталады. Демек алғысын айтып, жүрек жарды тілегін, шынайы көңілін білдіру және Жаратқаннан жарылқау тілеу. Бұлай жасау, яғни кез келген игілікті істі ақ батамен бастау біз үшін сонау ықылым заманнан бері жалғасып келе жатқан заңдылық. Бұл жерде батагөй қарияның білімі, парасат пайымы, шешендігі үлкен маңызға ие. Бір сөзбен айтқан сонысымен күнды. Мәселен, тарихқа көз жүгіртсек ауызы дуалы абыздардың шешендік пен берген баталарының құндылығын, әлемдерді рақым мейіріммен жаратқан Алла тарапынан бос

қайтпағанын байқаймыз. Ел арасында ол туралы аңыз-әңгімелер де жетіп артылады. Соның бірі, артында өлместей мұра, мәңгілік қазына қалдырған Бұқар жырау дүниеге келгенде елге сыйлы Әнет қария: «Есімің Бұқар болсын, Мінгенің тұлпар болсын. Дауысың сұңқар болсын, Ісіңе халқың іңкәр болсын»,- деп бата берген екен. Текті жырдың тұлпарын мінген сол Бұқардың туындыларын төрткіл дүниеге таратса, тек өз халқы ғана емес әлем іңкәрлік танытар еді.

Сонымен қатар, бата тек қуаныш, тойда ғана емес жалпы елдік маңызды істерде де батаның маңызы зор. Тіпті жебесінен жел тұрған апайтөс батырларымыздың өзі жорыққа ақ батасыз аттанбаған. Жауын жер жандандырған батырларымыздың ерлік істеріне де бата берілген. Оны Аңырақай шайқасынан аңғаруға болады. Бұл шайқаста ерлігімен көзге түскен Қойгелді батырға Төле би:

Аталы ұлдың сөзі баян-ды,
Атасыз ұлдың сөзі шаян-ды.
Аталы ұл Қойгелдім,
Ел үшін неден аянды.
Желкесін үзді сұм жаудың,
Дегенде қатер таянды.
Олжа әперген еріңе,
Саялат елім, саяңды!
Қойгелдім жай қолыңды,
Алла оңғарсын жолыңды.
Қылышпен жол сап ағыздың,
Маңдайды басқан сорымды.
Ата жолын қуған ұл,
Алашқа әмсе пана бол!
Ұлдарына аға бол,
Қыздарына жаға бол.
Қойгелдім, әмсе қыран бол,
Ел-жұртыңа ұран бол!,- деп ақ батасын берген. Қойгелді батырдың атын аңызға айналдырып, ұрпаққа мақтаншы еткен де осы Төле бидің бір ауыз батасы болса керек.

Ал, сол ақ батадан бүгін мән қаша бастағандай. Қазір неге батаға келгенде сүрініп жатамыз. Кейбіреулерден бата сұрасаң поэтикалық тілмен жауап беру былай тұрсын, «не дейміз»,- деп сандырақтап, ауыздарына сөз түспей жатады. Енді біреулер бата орнына орнына өзінің

тарихын айтып кетеді.

«Арақ сені абыройдан айырап,
Мың сауабын бір тамшымен шайылар.
Арақ ішіп қартың жүрсек қалтылдап,
Жастарыңның бетін кімдер қайырап.
Жетісінде жұтып алып жүз грамм,
Жас жігіттен мықтымын деп жайылар.
Бата беріп тойдан кейін тойып ап,

Аяғында «сол үшін» деп қайырап»,- деп Арман Бердаллин жырға қосқандай тойдан кейін тойып алып бата орнына «тост» айтатындар да табылып жатады. «Жаңбырмен жер, батамен ел көгереді»,- дейді. Бүгінгі батамыздың барар жері осы болса көсемгіз қалай көгерер екен?!

Кезінде аталарымыз дастархан басында бата берген соң алдымен бастан өзі ауыз тиіп, кейін құлағын кесіп, «құйма құлақ бол»,-деп бізге беретін. Үлкендердің қолынан құлақ таңдай алуды мақтаншы көретінбіз. Ал, оның астарында үлкен мән-мағына, тәрбие жатқанын ес біле түсіндік. Құлақ беруінде үлкендердің сөзін тыңдап, ақыл-өсиетін құлағына құйып өс деген арман, тілектің жатқанын қайдан білейік. Шаршы топтың сәнін кіргізетін шешен, жезтаңдай әнші боламыз деп таңдайға таласатын едік. Жалпы бұдан қазақтың бата арқылы қоғамды, елді тәрбиелей білгенін көруге болады. Құлақ жеп үлкендердің өсиетін тыңдап өскен баланың көпшілікке деген құрметі де ерекше болар. Ал, қазір қойдың суретін ғана көріп өскен қала баласына қойдың басын қойып, құлағын кесіп, таңдайын жұлып берсең не болар екен?

Қазақта отанына сатқындық жасап, кешірілмес күнә жасап, ауыр қылмысқа барған адамға теріс бата беру бар. Теріс бата алу деген қазақ үшін сүйекке түскен қара таңба, өліммен тең десек болады. «Теріс батамды қайтып алдым»,- деп кешірім бермесе түбі жақсылыққа апармауы мүмкін. Әй, бірақ бүгінгі дұрыс бата бере алмай жүргендер теріс батаны қайдан түсінсін?!

Кемелдің көркем белгісі, тәрбиенің тал бесігі, береке-бірліктің бәрін тоғыстыра біліп, жақсылыққа шақырып, жамандықтан тияр батаның мән-мағынасына үңілгеніміз жөн-ау! Алқалы топтың алдына шыққанда ғиыратқа толы сөздерімен елдің амандығын, жұрттың тыныштығын тілей алатын батагөйлеріміз көп болсын!

3. ЖАЙНАРБЕК.

Саясаттың зергері

(Кенжебике Нығметжанқызына)

Ақылды, парасатты, биік тұғырлы,
Білімді, саясатқа нық мығымды.
Рухани өрістерге күш салатын,
Басшылықта қызмет етеді терең ұғымды.

Ата салтын өсерлеп,
Жинақтап, күтіп, қастерлеп.
Жаңа өмір құру үшін,
Өскелең бағдар әзірлеп.

Оқу-білім күрделі сала,
Біліктілік керек ететін.
Көтеру үшін жаңа сапа,
Оқу орнына бағдар беретін.

Әлеумет пен мәдениетті,
Құзырына алып бақылап.
Ашық, айқын жол көрсетіп,
Жұмыс барысын сараптап.

Осы айтылған жәйттерді,
Босаңсытпай қадағалап.
Басқарушылық та атқарушы,
Алға қояды қатты талап.

Білімді де іскер адам,
Жоғары лауазымға басқан қадам.
Кенжебике деп білеміз,
Барлық істі басқарған.

Қызметі алға бассын,
Ел алғысы жалғассын.
Отаны үшін қызмет етіп,
Бақытты жүз жас жасасын.

Ермек ҚАРАТАЙҰЛЫ, Білім беру саласының үздігі, Бұланды ауданының «Құрметті азаматы».

Мемлекеттік тілді оқытуда қолданылатын әдістемелік құралдар

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Мемлекеттік тілді оқыту ісінің қазіргі уақытта жинақталған тәжірибесі мол болса да, олардың дені дәстүрлі аядан шыға алмай келеді. «Адам ұрпағымен мың жасайды – тілімен тас қашайды» деген екен Абай хәкім тағылым-ғибрат – қазақ тілі туралы толғанысында. Тілімізбен тас қашайтын заманда, өз тілімізді үйренуден қашатын заман болды. Мемлекеттік тілді үйренудің жылдам әрі жеңіл болуы ол оқу құралына байланысты. Оқу құралы сапалы және түсінікті болса, кез келген тіл үйренуге ниеті бар жанды жалықтырмай иіріп әкетеңі.

Тіл үйренушінің басты мақсаты мен арманы – сол тілде өз ойын жеткізе алатындай дәрежеде игеру. Осыған байланысты қазіргі кезде тілді үйретудің ең тиімді бағыты ретінде сөйлеу әрекетінің түрлерін белгілі бір бағытта пайдалана отырып, тілді деңгейлер бойынша оқытып үйрету әдістемесі алдыңғы қатарда тұр. Тілді үйренуде тек қана грамматикамен шектелу қателік. Қазақ тілін үйренуде сөйлеу әрекеті арқылы үйрену тиімді жол ретінде таңдалып отыр. Сөйлеу әдісі тіл үйренушілерге әр тақырыптың соңында диалог немесе бір кітапты талқылау секілді әдістермен қорытындылауға болады. Тыңдаушыларымызға сөздік қорды байыту мақсатында «Зейін» клубы жұмыс жасайды. Клубтың мақсаты тыңдаушыларымызға қазақ тілді орта қалыптастыру. Алтасына бір кітапты талдау арқылы қазақ әдебиеті мен салт-дәстүрімен таныстыру.

Әдістемелік құралдар тыңдаушылардың деңгейіне байланысты «қарапайым», «жалғастырушы», «жоғары» деңгейлер болып бөлінеді. Оқу құралының ішінде міндетті түрде оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, тіл білімі секілді тармақтар болуы шарт. Қазіргі таңда қазақ тілін оқыту әдістемелерінің тиімді тәсілдері айқындалып, қолданысқа енгізілуде. Бірақ мемлекеттік тілді үйрететін оқу құралдарын дүкен сөрелерінен табу өте қиын. Болған жағдайдың өзінде өте қымбат. Астана қаласында орналасқан Меломан, Марвин секілді ірі сауда орталықтарындағы кітап дүкендерінен таба алмадық. Мысалыға шет тілді оқу құралдары қол жетімді бағада болса, қазақ тілін оқытатын әдістемелік құралдар 3 есе қымбат тұрады. Өз бетімен мемлекеттік тілді үйренгісі келген оқырман түрлі тақырыпта оқулықтар таба алмай қиналады. Сондай оқырманның бірі мемлекеттік тілді үйрететін оқу құралдарымен бөлісті. Тыңдаушының алған оқу құралдары «қарапайым» деңгейге сәйкес келмеді. Бір қызығы тыңдаушымыз Италия мемлекетінде іссапарда болғанда кітап дүкенінен әлем тілдерін үйрететін түрлі оқу құралдарын көріпті. Бірақ ішінен қазақ тілін таба алмадым деп таң қалды. Тілімізді үйретуде көптеген оқу құралдарын орыс филологтары жазып жатыр. Әрине орыс тілді оқырманға қазақ тілін жеңіл үйрену тәсілдерін шығарып жатса нұр үстіне нұр болар еді. Өзіміздің шығарған оқу құралдарымызда мақтана аламыз. Бірақ ол оқулықтар өз еркімен тілді үйренгісі келген оқырмандарға қиын болады.

Мемлекеттік тілімізді жоғары деңгейде ұстау өз қолымызда екенін ұмытпайық. Мәңгілік із қалдыру жолында аянбай еңбек етіп, алға қойған мақсаттан бас тартпау керек.

Д. ДӘУЛЕТІЯР, «Тілдерді оқыту орталығы» КММ оқытушысы.

2024: ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР ЖЫЛЫ

ЕЛІМІЗДЕ ҚОҒАМҒА ЕҢБЕГІ СІҢГЕН ТҰЛҒАЛАР ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН АТАУЛЫ ДАТАЛАР

Александр Затаевичтің туғанына – 155 жыл



Қазақстанның халық әртісі, этнограф, музыка зерттеушісі, композитор Александр Затаевич 1869 жылы Ресейдің Орел облысында дүниеге келген. Ол алғашқы музыкалық білімін сол Орел қаласындағы әскери гимназиядан алған. Біраз жыл бойы Варшава консерваториясы жанынан шығатын «Варшава күнделігі» аталатын газетте музыка рецензенті қызметін атқарып, орыс, батыс классиктерінің шығармаларын, сондай-ақ халық музыкасын насихаттаумен айналысқан.

Ол алғаш рет қазақтың халықтық музыкасы шығармаларымен 1920 жылдың басында, Орынборда жүрген кезінен-ақ таныса бастайды. Сол кезеңнен бастап А.Затаевич өзінің болашақ қызметін аспаптық мұраларын тамаша үлгілерін жинау, оны насихаттаумен тығыз байланыстырады. Ол жатақханаларды, мектептерді, құрылыстарды, орта дәрежелі оқу орындарын, казармаларды аралайды, сөзге, конференцияға, кеңестерге келген қазақтардан ән жазды. Базар, театр, концерт орындарының фойелерінде кездескендердің бәрінен де жазып алады. Бала жасынан кіршіксіз еститін құлағы жасы 50-ден асқанша көрмеген елдің музыкасын жаза баспай нотаға түсіруге мүмкіндік береді.

Бірақ өмірін музыкаға бағыштаған А.В.Затаевич әнді қалада отырып тек кездейсоқ келгендерден жазып отырды жөн көрмеді, елге шығады, Жайықтың бойын, Сыр, Ертіс өзендерін, Бөкей, Қарқаралы далаларын аралайды. Замандар бойы жабылып жатқан қазақтың ән қазынасын көтереді. Қазақтың көл-көсір мұрасын жинақтауды өзіне парыз санаған жанның бірі. Ұлты басқа болса да, жер орта жасқа келгеніне қарамастан, 1920 жылы қиын-қысталаң кездерінде кездескен көлік атаулымен, болмаса, жаяу-жалпы аралап, халқымыздың ән-күйлерін музыка белгілерімен (нотамен) хатқа түсірген.

Кенен Әзірбаевтың туғанына – 140 жыл



Кенен Әзірбаев 1884 жылы қазіргі Алматы облысы Жамбыл ауданы Мәтібұлақ ауылында туған. Өзінің тырнақалды туындылары «Ри, қойым», «Бозторғай», «Көкшолақ» әндері осы жерде туған. Кенен 10 жасында қолына домбыра алып, ән салған. 11 жасқа келгенде тұңғыш әні «Ри, қойым», 13 жасында «Бозторғай» әнін шығарған. Содан кейін Кенен есімі халық арасында кең тарай бастайды. Бала Кенен қазақ пен қырғызға танылып, «Боздаланың бозторғайы» атанған. Кенен Әзірбаев – 200-ге жуық лирикалық, дидактикалық арнау мен толғаудың авторы.

Алаш қайраткері Жүсіпбек Аймауытұлының туғанына – 135 жыл

Жүсіпбек Аймауытов (1889-1931) – қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі. Туып-өскен

жері Павлодар облысының Баянауыл ауданына қарасты бұрынғы «Қызыл ту»,



қазіргі Жүсіпбек Аймауытов ауылы.

Әкесі Аймауыт кедей болғанымен, арғы аталары Дәндебай мен Қуан атақ-абыройлы, бай, ел арасында білікті кісілер екен. Жүсіпбек жастайынан арабша хат тану, оқу үйренген. 1907 жылдан бастап Баянауылдағы орысша-қазақша екі кластық мектебінде, Керекудегі (Павлодар) қазыналық ауылшаруашылық мектебінде, Керекудегі екі класты орыс-қазақ мектебінде тиіп-қашып оқиды. Бір жағынан бала оқытып, қаражат табады.

Сәкен Сейфуллиннің туғанына – 130 жыл



Сәкен (Сәдуақас) Сейфуллин (1894-1938) қазақтың атақты ақыны, жалынды жазушысы, дарынды драматург, білікті ұстаз, мемлекеттік қайраткері, Қазақстанның қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. Қазақ КСР-ның Халық Комиссарлары Кеңесінің алғашқы төрағасы болған.

Қарағанды облысы Ақадыр (қазіргі Шет ауданы) ауданы Қарашілік қыстағында дүниеге келген. Нілдідегі орыс-қазақ Ақмоладағы бастауыш приход мектебінде, қалалық үш класты училищеді оқыған.

1914 жылы Қазан қаласында «Өткен күндер» деп аталған тұңғыш өлеңдер жинағын бастырып шығарған. Омбыдағы қазақ жастарының «Бірлік» қауымы басшыларының бірі болған. 1917 жылы Бұғылыда мектеп ашып, орыс тілінен сабақ берген. 1918 жылғы сәуірде «Жас қазақ марсельезасын» жазып, 1 мамырда «Бақыт жолында» атты пьесасының беташар қойылымын көрсеткен.

Ақтар көтеріліс жасап, Ақмола совдепшілерін тұтқына алған. Сәкен Сейфуллин атаман Анненковтың «зап вагоннан», 1919 жылғы сәуірдің 3-де адмирал Колчактың Омбыдағы түрмесінен қашып шыққан. 1920 жылғы мамырдың 7-де Ақмолаға қайтып оралып, атқару комитеті төрағасының орынбасары және әкімшілік бөлімінің меңгерушісі болған. Осы жылғы қазанның 4-де Қазақ Кеңес Автономиялық Республикасын жариялаған Кеңестердің бірінші құрылтай съезі делегаты болып қатысқан, Орталық атқару комитеті Президиумының мүшесі болып сайланған. Жер-су комиссиясының жұмысына және баспасөз ісіне басшылық жасаған.

Ілияс Жансүгіровтің туғанына – 130 жыл

Ілияс Жансүгіров – ақын, драмашы, прозашы, оның поэзиясы ұлттық әдебиеттің классикалық байлығының қатарына жатады, қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. 1894 жылы Алматы облысының Ақсу ауданында

дүниеге келген. Ташкенттегі екі жылдық мұғалімдік курсты бітіріп, өз ауылын-



да мұғалім болған. Одан кейін аз уақыт «Тіліші» газетінде істеп, Верныйдағы Қазақ ағарту институтының меңгерушілігіне тағайындалды. Мәскеудегі Коммунистік журналистика институтын бітірген, соң «Еңбекші қазақ» газетінде қызмет атқарды. 1932-1934 жылдары – Қазақстан Жазушылар одағы ұйымдастыру комиссиясының төрағасы. 1933-1936 жылдары Қазақ КСР Орталық атқару комитетінің мүшесі болды. 1938 жылы саяси қуғын-сүргін құрбаны болды.

Бейімбет Майлиннің туғанына – 130 жыл



Бейімбет Жармағамбетұлы Майлин (1894-1938) – қазақтың көрнекті жазушысы, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі. Сауатсыздықты толық жою ұранын алға тартты. «Сауаттылығы төмендерге арналған оқу кітабын» (1929); «Құш» – сауаттылығы төмендерге арналған оқулықты (1930); «Жаңаша оқы және жаз» құралын (1931) және Ғабит Мүсіреповпен және А.Ситдыковпен бірге «Сауатсыздарға арналған әліппені» (1935-1936) жазып шығарды. Туып-өскен жері – қазіргі Қостанай облысының Таран ауданы. Бір жасқа толмай жатып әкесінен, алтыға шығарда шешесінен айырылған. Жетімдік зардабын шегіп, байларға жалданады. Алғаш ауыл молдасынан оқып, сауат ашқан. Бейімбет Майлин 1938 жылы 28 ақпанда дүниеден өтті.

Қаныш Сәтбаевтың туғанына – 125 жыл



Қаныш Имантайұлы Сәтбаев (12 сәуір 1899 жылы, Баянауыл ауданы, Павлодар облысы – 31 қаңтар 1964 жылы, Мәскеу) – геолог ғалым, минерология ғылымдарының докторы, профессор, академик. Қазақ КСР Ғылым академиясын ұйымдастырушы және оның тұңғыш президенті, Қазақ КСР академиясының негізін қалаушылардың бірі. 1894 жылы Алматы облысының металлогения мектебінің

негізін қалаушы, қазақтан шыққан тұңғыш академик.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев 1899 жылы 12 сәуірде Семей губерниясының (қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданы) Павлодар уезінде Ақкелін болысының №4 ауылында туған. Ол 1911 жылы ауылдық орыс-қазақ бастауыш мектебінде оқып білім алғаннан кейін Павлодар қаласындағы орыс-қазақ училищесіне түсті. 1914 жылы оны үздік аяқтап, сол жылы Семейдегі мұғалімдер семинариясына студент болып қабылданған. Оны 1918 жылы тәмамдаған. Әрі қарай Семейде қалып, ауыл мұғалімдерін даярлайтын курста сабақ береді.

1921 жылы Сәтбаевтың өтініші бойынша Семей ревкомы оны Томск технология институтына жолдамамен жібереді. Ол тау-кен факультетінің геологиялық-барлау бөлімшесіне студент болып қабылданған. Оқу орнында инженерлік-ғылыми көзқарасы қалыптасып, 1926 жылы Сәтбаев диплом жұмысын үздік қорғап шыққан. Осылайша, ол республикадағы бірінші инженер-геолог атағына ие болды. Қаныш Сәтбаев 1964 жылы 31 қаңтарда Мәскеуде қайтыс болды. Алматы қаласында жерленді.

Қазақ археологі Әлкей Марғұланның туғанына – 120 жыл



Қазақстан археология мектебінің негізін салушы, ғылымның көптеген салалары: этнография, тарих, шығыстану, әдебиеттану, өнертану бойынша көрнекті қайраткер. Филология ғылымдарының докторы (1945), Бүкілодақтық География академия (1958), профессор (1960), Қазақ КСР ғылымының еңбек сіңірген қызметкері (1961). 1904 ж. 11 мамырда Ақпәт болысында (қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы) дүниеге келген. Әкесі Хақан – атақты Олжабай батырдың тікелей ұрпағы.

Әлкейдің әкесі Хақан мен шешесі Нұрила көптеген халық ертегілері мен аңыздарын білген, үйде халық әндері мен Абай әуендері жиі шырқалатын. Әлкей бес жасында оқып, жаза білуді үйренді, бала кезінде «Қобыланды», «Алпамыс», «Көрұғлы», «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» дастандарын жатқа білген. Хақанның шаңырағында белгілі ақын, ғалым Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, Жаяу Мұса, Имантай Сәтбаев және қазақ даласына белгілі басқа да адамдар жиі бас қосқан.

Әбілхан Қастеевтің туғанына – 120 жыл



Кескіндемеші-график, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушылардың бірі, Қазақ КСР халық суретшісі Әбілхан Қастеевтің туғанына – 120 жыл. Қазақтың әйгілі кескіндемешісі, график суретшісі, қазақ бейнелеу өнерінің

негізін салушы Әбілхан Қастеев Алматы облысына қарасты Жаркент қаласының жанындағы Шөжин ауылында туған. Еңбек жолын Топырақ теміржол құрылысында жұмысшы болып бастаған.

1929-1931 жылдары Қастеев Николай Хлудовтың көркемсурет студиясында оқыды. 1934-1937 жылдары білімін Мәскеу қаласында Крупская атындағы көркемсурет студиясында жалғастырды.

1942 жылы Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, 1944 жылы Қазақстанның халық суретшісі болды.

Қазақтың батыр қызы Әлия Молдағұлованың туғанына – 100 жыл



Әлия Молдағұлова 1925 жылдың 15 маусымында Ақтөбе облысы Қобда ауданы Бұлақ ауылында дүниеге келген. Оның шын есімі – Лия. Әкесі Нұрмұхамет Сарқұлов бай баласы болғаны үшін Кеңес үкіметі тарапынан қуғын-сүргінге ұшырайды. Анасы Маржан қызы Әлия, ұлы Бағдатпен жалғыз қалады.

Әлия 1942 жылы Ленинградтағы №46 мектепті бітіріп, Рыбинск қаласындағы авиация техникумына оқуға түседі. Осы жылдың 18 желтоқсанында аудандық әскери комиссариаттың жолдамасымен Мәскеудегі мерген қыздарды даярлайтын орталық мектепке қабылданады.

Әскери мектепті үздік бітірген Әлия өз өтініші бойынша 17 жасында 1943 жылдың тамыз айында майданға аттанды. Ол екінші Балтық жағалауы флотының 22 әскери тобы 54 атқыштар тобының бригадасы құрамында Отан алдындағы борышын өтейді.

Әлия Молдағұлова 1944 жылдың 14 қаңтарда Псков облысының солтүстігіндегі Новосольники ауданы Казалиха деревнясы үшін болған соғыста фашист офицерінің қолынан қаза тапты.

Рахымжан Қошқарбаевтың туғанына – 100 жыл



Рахымжан Қошқарбаев (1924-1988 жж.) – Берлиндегі Рейхстагқа жеңіс туын тіккен қазақ азаматы, Халық Қаһарманы (1999). 1924 жылы 19 қазанда Ақмола облысы Ақмола ауданы Тайтөбе ауылына жақын орналасқан Қырыққұдық қыстағында дүниеге келген. Арғын тайпасы Қуандық руы Темеш бөлімінен шыққан. 1942 жылы әскерге алынып, 1944 жылы қазанда Фрунзедегі (Бішкек) жаяу әскер училищесін бітірген. 1944 жылы қазан айынан бастап I Белорусь майданындағы 150-Идрицк атқыштар дивизиясы құрамында взвод басқарып, Польша және Германия жерлеріндегі ұрыстарға қатынасты. Лейтенант Қошқарбаев Берлин операциясы кезінде асқан ерлік көрсетті. 30 сәуірде ол жауынгер Григорий Булатов екеуі Кеңес әскерлері арасынан Рейхстагқа алдымен жетіп, жеңіс туын тікті. Соғыстан кейінгі жылдары Эльба бойындағы кеңестік оккупациялық әскер бөлімінде қызмет атқарды. 1988 жылы 10 тамызда Алматы қаласында қайтыс болды.

ОҚЫРМАН ХАТТАРЫ - ПИСЬМА ЧИТАТЕЛЕЙ

Подвигу жить в веках



Трудную, тяжкую дорогу испытаний прошел советский воин-освободитель. Но солдат понимал, что его жизнь принадлежит Родине и надо идти до победы. И он не щадил себя, воин-освободитель, чтобы принести Родине, человечеству долгожданную победу над фашизмом.

27 января - день полного освобождения Ленинграда от фашистской блокады (1944 г.).

Этот рассказ посвящается защитникам Ленинграда в Великой Отечественной войне Францу Григорьевичу Савинскому и Ивану Михайловичу Чухал, которых я хорошо знал.

Блокада Ленинграда длилась два с половиной года и причинила населению неопишемые страдания, но вместе с тем осада показала, на какое невиданное мужество и выдержку способны ленинградцы. Кровь женщин и детей на мостовых - тела умерших с голоду. Грохот то утихаю-

щей, то приближающейся орудийной стрельбы.

Франц Григорьевич родился на Украине 2 апреля 1920 года. В 1936 году его родители вместе с другими поляками были депортированы в Казахстан - с. Красносельское Макинского района. Отец вскоре заболел и умер. Мать осталась одна с четырьмя детьми: Францем, Анной, Феликсом и Юзеей. Благодаря помощи местных казахов сумела поднять их на ноги. Франца Григорьевича призвали в армию осенью 1941 года. Проходил курс молодого бойца на станции Ачинск Красноярского края. После этого был направлен на защиту города Ленинграда. Боевой путь его пролегал от города на Неве, через Эстонию, Латвию, Литву и Польшу. В Германии старшина Савинский переправлял боеприпасы через реку Одер с солдатами. Взрывной волной опрокинуло лодку. Спасли его солдаты, которые высадили десантников и возвращались обратно. За активные боевые действия и проявленное мужество старшина Франц Григорьевич награжден двумя орденами Славы (второй и третьей степени), орденами Красной звезды, орденом отечественной войны первой степени, медалями «За отвагу», «За победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.» он получил 12 грамот от Верховного Главнокомандующего. После войны Франц Григорьевич служил старшиной и проживал в городе Астрахани. Уволившись в запас, жил на Украине, в городе Днепрпетровск. В конце 80-х годов, после смерти супруги, вернулся в Казахстан. Умер Франц Григорьевич 14 июня 2020 года. Был похоронен в городе Щучинске.

Чухал Иван Михайлович родился 18 июля

1918 года в селе Красносельское Буландынского района. Боевое крещение получил еще при прохождении срочной службы во время советско-финской компании 1939-1940 годов. При повторном призыве с началом Великой Отечественной войны попал в 310-ю стрелковую дивизию, которая формировалась в городе Акмолинске (ныне Астана). Командир орудийного расчета части ПВО, старший сержант (ПВО - противовоздушной обороны) участвовал в Сивявских операциях с целью прорыва блокады Ленинграда, оборонительных боях в районе Киришского плацдарма, Новгородско-Лужской, Псковско-Островской и других наступательных операциях. Летом 1945 года его часть была направлена на Дальний Восток. Иван Михайлович - участник войны с Японией. О подвигах Ивана Михайловича говорят его награды: две медали «За отвагу», «За победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.», «За победу над Японией». После войны Иван Михайлович работал бригадиром молочно-товарной фермы. Умер 27 апреля 1976 года.

Сколько же невероятных трудностей пережили на своем веку фронтовики. Достоинство и героически преодолели их, стали победителями коричневой чумы-фашизма в самой страшной за всю историю человечества войне.

Заканчивая свой рассказ строками Роберта Рождественского «Помните: через века, через года - помните! О тех, кто уже не придет никогда - помните! В горле сдержите стоны, горькие стоны, память павших будьте достойны. Вечно достойны!».

В. ЧИХНИЙ, с. Улан, Сандыктауский район.

Хабарландыру!

2024 жылғы 5 ақпанда сағат 11.00-ден 13.00-ге дейін аудандық әкімдіктің 2 қабаты, 224 кабинетте Бұланды ауданының Ақсақалдар кеңесінің мүшесі Амангелді Байкешұлы Камельинов азаматтардың қабылдауын өткізетін болады.

Егер сұрақтарыңыз туындаса, қатысуларыңызды сұраймыз.

Объявление!

5 февраля 2024 года с 11.00 до 13.00 часов на 2 этаже районного акимата, кабинет 224, будет проводиться прием граждан член Совета аксакалов Буландынского района Амангельды Байкешович Камельинов.

Если есть вопросы, просим принять участие.

Өзара


Ынтымақтастық

туралы меморандум

Бұланды ауданының жастар ресурстық орталығының директоры Замзагүл Аменова және Бұланды ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы Руслан Солонец «Елге қызмет - абыройлы міндет» жобасын қолдау мақсатында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Жобаның мақсаты - жастар мен ескелең ұрпақты әскери-патриоттыққа шақыру, ұрпақтар сабақтастығы рухында тәрбиелеу. Жалпы, меморандум аясында жастарды Отанға қызмет етуге ынталандыруға бағытталған іс-шаралар кешені жоспарланған.

Бұланды ауданының жастар ресурстық орталығы.

Жизнь – словно миг и в тоже время – вечность...



Прошел год, как от нас ушел замечательный человек, талантливый музыкант, педагог народного отделения Виктор Васильевич Романико.

В концертном зале Детской музыкальной школы прошел Вечер памяти, посвященный педагогу.

На мероприятие собрались все, кто знал и любил этого педагога, кто имел бесспорное право и счастье быть его близким и родным человеком, кому довелось вместе с ним работать, созидать, дружить и любить, те, кто был в числе его многочисленных учеников. Вечер памяти в качестве ведущей провела ветеран педагогического труда, педагог вокального отделения Детской музыкальной школы Лари-

са Анатольевна Жигиреева. Она подчеркнула, что каждый, кто в то или иное время встретился с этим сильным и бесконечно талантливым человеком, запомнил эти встречи на всю жизнь. Он был широко образованным, прекрасным музыкантом-импровизатором.

Много прекрасных слов в память о коллеге высказали директор детской музыкальной школы Сертай Жатаевич Нуржанов, педагог Виктор Васильевича - Иван Прокофьевич Ткачик, коллега по работе Любовь Станиславовна Малинина, выпускники Диас Мухамадиев, Влад Михалев и другие. Они запомнили его как человека с глубокими знаниями, скромного и доброжелательного к людям. Вечер украсили своими выступлениями учащиеся народного отделения, класса преподавателя Романа Владимировича Масёрова. Звучали любимые мелодии педагога «Бабы лето» в исполнении Елены Сухоставской и Влада Михалева, композицию «Над рекой в поле» исполнил ансамбль русских народных инструментов, руководи-

телем которого являлся Виктор Васильевич. В завершение женский коллектив Детской музыкальной школы исполнил песню «Есть только миг». Супруга и сын поблагодарили организаторов и гостей встречи за тёплые минуты воспоминаний, за память, которая и сегодня живёт в сердцах его земляков.

А. ТАСАНОВА, заместитель директора по учебно-воспитательной работе Детской музыкальной школы.



Меморандум о взаимном сотрудничестве

Директором Молодёжного ресурсного центра района Замзагүл Аменовой и начальником Отдела по чрезвычайным ситуациям Русланом Солонец заключен меморандум о взаимном сотрудничестве в целях поддержки проекта «Елге қызмет - абыройлы міндет», который несет в себе смысл военно-патриотического воспитания молодежи и подрастающего поколения. В рамках меморандума запланирован комплекс мероприятий, направленных на воспитание молодежи в духе патриотизма и преемственности поколений.

Молодёжный ресурсный центр района.

Акмолинские спортсменки стали чемпионами Казахстана по борьбе Кураш

В течение всех соревновательных дней спортсменки состязались между собой в честной бескомпромиссной борьбе. Три медали увозят домой акмолинцы. Наставник остался доволен их выступлением, сообщает первый спортивный паблик в Акмолинской области Sport_akmola.

В городе Астана прошел чемпионат Республики Казахстан по борьбе Кураш среди юношей и девушек 2009-2011 годов рождения. Соревнования получились напряжёнными практически во всех весовых категориях, предугадать исход поединков порой было невозможно.

Спортсмены из Акмолинской области, а именно Целиноградского района завоевали три медали. Девушки показали хороший уровень физической подготовки, владение техникой борьбы.

Чемпионами стали Рамина Абишева (36 кг) и Сайраталы Карина (44кг). Бронзовую медаль в весовой завоевала Зауре Сайлаукалиева.

Как сообщил тренер Жақсылық Мусрманов, теперь все девушки примут участие в Международных спортивных Играх Дети Азии.

«Мы долго и усердно готовились к глав-

ным стартам страны. Борьба у каждой нашей спортсменки шла очень напряженно. Была интрига до последних секунд. Но спорт любит смелых, побеждают сильнейшие, кому-то приходится и проигрывать», - подчеркнул Жақсылық Мусрманов.

По словам самих девушек, каждый вид спорта требует больших усилий, настойчивости. Не всегда у них были победы, бывали и поражения. Конечно, каждый проигрыш воспринимается тяжело. Но потом спортсменки взяли себя в руки, ведь поражение — это шаг к победе. И начинали тренироваться еще усерднее.



ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ – СОЦИАЛЬНАЯ ПОЛИТИКА

Бұланды ауданының Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентін шығарудың 35 жылдығына арналған іс-шаралар ЖОСПАРЫ

№	Іс-шараның атауы	Өткізу уақыты
Ұйымдастырушылық-тәжірибелік-шаралар		
1.	Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентін шығарудың 35 жылдығына арналған оқушылар мен әскер қатарына шақыруға дейінгіжастар арасында спорттық іс-шаралар өткізу	Қаңтар-ақпан
2.	Білім беру ұйымдарында интернационалист-жауынгерлердің кездесулерін ұйымдастыру	Қаңтар-ақпан
3.	Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентін шығарудың 35 жылдығына арналған мерейтойлық медальдарды сатып алу және тапсыру	15 ақпанға дейін
4.	Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентін шығарудың 35 жылдығына арналған салтанатты іс-шараны өткізу	14 ақпан
5.	Қаза тапқан интернационалист-жауынгерлердің ескерткішіне салтанатты түрде гүл шоқтарын қою	14 ақпан
6.	Қаза тапқан интернационалист-жауынгерлердің аналарын, жұбайларын құрметтеу	Ақпан
7.	«Страницы подвига Афганской войны» тақырыбы бойынша ерлікке баулитын сабақтарды өткізу. «Мы помним вас поименно» науқанын өткізу	2023 жылдың бірінші тоқсаны
